«АВИМЕД» көпсалалы колледжінің қызметі колледждің 2019-2023 жылдарға арналған Колледжді дамыту стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады, онда колледждің миссиясы, мақсаттары, міндеттері мен оның елдің әлеуметтік-экономикалық, білім беру, ғылыми және елдің мәдени дамуындағы орны мен рөлін көрсететін ұзақ мерзімді пайымы баяндалады және мақсаты техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясы болып табылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жаңартылып отырады.

«АВИМЕД» көпсалалы колледжінің сапаны қамтамасыз ету саясаты саласындағы мақсаттары Колледждің Стратегиялық даму бағдарламасының негізінде қалыптасады және қайта қаралады, өлшенушілік пен жүйелілік қағидалары сақталады. Оқу жылының басында колледждің алғашқы

Педагогикалық кеңесінде Стратегиялық бағдарламаға сәйкес жұмыс нәтижелері талданып, жаңа оқу жылына міндеттер қойылып, колледждің жылдық жоспары қаралып, бекітіледі.

Сапа саласындағы саясат колледждің білім беру қызметтері нарығында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қызметін үнемі дамытып, жетілдіріп отыруды; студенттерді сапалы білім беру қызметтерін үнемі қамтамасыз етуді, оларды барлық мүдделі тараптардың тиімді кері байланысы негізінде үнемі жетілдіруді көздейді.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің саясаты мен процедураларының негізгі мақсаты келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- білім беру қызметінің үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделуді қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымды жаңартуды қамтитын ұйымды басқарудың заманауи әдістеріне негізделген колледжді басқару жүйесін жетілдіру;

- кәсіптік білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру;

- техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру қызметін қамтамасыз ету;

- мамандардың бәсекеге қабілеттілігін еңбек нарығы мен ТЖКБ МЖМБС талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында кадрларды даярлау сапасын, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру, өзін-өзі тәрбиелеу, ғылыми-зерттеу жұмыстары, кәсіби ұтқырлық дағдыларын қалыптастыру;

- колледж жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді қоса алғанда, оқу нәтижелерін бағалау жүйесін қоса, оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру.

- ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың пікірін ескере отырып, еңбек нарығының қажеттіліктерін және ТЖКБ дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты ескере отырып, білім беру бағдарламаларын үнемі жаңартып отыру;

- үздіксіз оқыту және кәсіптік деңгейді арттыру, инновациялық қызметті белсендендіру, білікті кадрларды даярлаудың негізі ретінде оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру арқылы педагогикалық кадрлардың сапалы өсуі мен жоғары біліктілігін қамтамасыз ету;- жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, еңбек нарығының қажеттіліктеріне, экономика мен әлеуметтік саланың келешегіне сәйкес білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру және дамыту;

- білім мен өндірісті интеграциялау арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттануын арттыру;

- тұтынушылардың қанағаттануын үнемі бақылауды қамтамасыз ету және қанағаттануды бағалау әдістемелерін жетілдіру;

- тұлғаның еңбек әлеуетінің кәсіби, өмірлік және азаматтық құзыреттіліктердегі қоғамның белгіленген талаптарына сәйкестігі дәрежесін дамыту;

- тұлғаның жоғары сапалы білім беру қызметіне және қоғамның жоғары

білікті мамандар даярлауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- қоғамның адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау және арттыру арқылы заманауи сапалы білім беруді қамтамасыз ету;

- студенттердің азаматтық позициясы мен патриоттық сана-сезімін, адамгершілік-мәдени құндылықтарын, қазіргі жағдайдағы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру;

- колледждің оқу-материалдық базасын дамыту, кәсіпорындар мен ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтастық негізінде білім беру базасын және әлеуметтік серіктестік жүйесін жаңарту және компьютерлендіру;

- колледждің қаржылық-экономикалық басқару жүйесін жетілдіру.

Колледж қызметі ұзақ мерзімді және жылдық жоспарларға сәйкес жұмыс атқарылуда:

2023 – 2024 оқу жылдарына барлық колледж ішілік құжаттар тізбесі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы (бұдан әрі - №130 бұйрық) негізінде жасалынды.

Колледж оқу жылына арналған жұмыс жоспарының негізгі бағыттары:

- оқу жұмысы;
- оқу-өндірістік жұмысы;
- оқу-әдістемелік жұмысы;
- оқу-тәрбие жұмысы;
- кәсіби бағдар беру жұмысы.

Қосымша:

- Колледж ішілік бақылау жоспары
- Педагогикалық кеңес жұмысының жоспары
- Әдістемелік кеңес жұмысының жоспары
- Әдістемелік кабинеттің жоспары;
- Жас педагог мектебінің жылдық жұмыс жоспары;
- Пән бірлестіктерінің жұмыс жоспарлары:
 - Педагогикалық пән бірлестігі;
 - Жалпы білім беру пән бірлестігі;
 - Медициналық пән бірлестігі
- Кітапхананың жұмыс жоспары;
- Студенттік кеңсенің жұмыс жоспары;
- Медициналық қызметтің жұмыс жоспары;
- Педагог-психологтың жұмыс жоспары;

Колледждің оқу жылына арналған (қызмет бағыттары бойынша) Жұмыс жоспары № 1 педагогикалық кеңес отырысында қаралып, директормен бекітіледі (*жылдық жоспардың көшірмесі қосымша ұсынылады*).

Жалпы білім беретін, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе базалық және кәсіптік модульдерді оқыту; зертханалық-практикалық

сабақтарды орындау; өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту; таралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру; егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауға; колледждің барлық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларында, оның ішінде жұмыс оқу жоспарларында және бағдарламаларында тиісті бағыттар қарастырылған, олардың орындалуын бақылау мақсатында колледжде ішілік бақылау жоспарына сәйкес іс шаралар өткізуде, пәндік циклдік бірлестік, оқу-әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңестердің отырысында талдау жоспарланған және іске асырылады.

4.2 Зертханалық-практикалық сабақтарды орындау; өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту; аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру; егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындау

Зертханалық-практикалық сабақтарды орындау:

Колледжде оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, курстық жұмыстар және практикалар түрінде өткізіледі.

Колледждегі әр мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарларында (бұдан әрі - ЖОЖ) зертханалық-практикалық сабақтар қарастырылған және орындалуда. Зертханалық мен практикалық сабақтардың мазмұны пәндердің /модульдердің үлгілік және жұмыс оқу бағдарламаларында қарастырылған.

Өткізілген зертханалық-практикалық сабақтар туралы мәліметтер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған теориялық оқытуды есепке алу журналында толтырылады, және оқу бөлімі тарапынан бақылау жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылы №385 Үлгілік қағидаларының 13 тармағына сәйкес негізгі орта білім базасындағы топтарды информатика, орыс тілі мен әдебиеті, дене тәрбиесі, шетел тілі пәндері, ал жалпы орта білім базасында дене тәрбиесі, кәсіптік орыс тілі, кәсіптік шетел тілі пәндері, және (немесе) модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын зертханаларда сабақтар өткізіледі.

Кесте 4.2.1 Зертханалық-практикалық сабақтар туралы мәлімет

№	Мамандық коды, атауы	Зертханалық-практикалық сабақтар көлемі				
		1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	
		пәндер саны/сағат саны	пәндер саны/сағат саны	пәндер саны/сағат саны	пәндер саны/сағат саны	Жалпы
1.	01140500 – Дене тәрбиесі және спорт	13/806	15/210	13/210	15/194	1420

2.	01120100 – Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	13/806	19/634	11/440	10/292	2172
	Барлығы	26/1612	27/844	26/650	24/486	3592

Аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру

Колледжде білім алушылардың үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларына» (бұдан әрі - №125 Үлгілік қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалау әр түрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау. Бақылау түрлері ЖОЖ мен ЖОБ мазмұнында қаратсырылған.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау –оқытушының пәнді және (немесе) модульді оқыту бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында өткізген білім алушылардың білімін жүйелі тексеруі.

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Колледжде оқу жетістіктерін бағалау барысында балдық–рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған сандық эквивалентті әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі - пайдаланады.

Білім алушылардың білімін бағалау цифрлық бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі: 5 - "өте жақсы", 4 - "жақсы", 3 - "қанағаттанарлық", 2 - "қанағаттанарлықсыз".

2020-2021 оқу жылынан бастап студенттерінің оқу жетістіктерін бағалау балдық–рейтингтік әріптік жүйесімен (халықаралық практикада қабылданған сандық эквивалентті әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі) жүргізіледі.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері (білім, білік, дағды және құзыреттілік) 4 балдық шкала бойынша тиісті цифрлық эквиваленті бар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге (оң бағалар, кемуіне қарай, "A" - дан "D"-ға дейін,

"қанағаттанарлықсыз" - "F") сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

Егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауға

Колледждің білім беру бағдарламалары бойынша курстық жұмыс (жоба) және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындау қарастырылмаған.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің модульдерге интеграцияланған білім беру бағдарламаларын оқыту Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша лицензияға қосымшалары алынбаған және колледжде іске асырылмаған.

Қорытынды: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына: жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқыту; зертханалық-практикалық сабақтарды орындау; өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту; аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

4.3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, кәсіптік стандартының (бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса) талаптарының негізінде жұмыс берушілердің қатысумен әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы

Колледжде 2023-2024 оқу жылдары бірінші курстар үшін академиялық дербестікті енгізу №348 МЖМББС-на сәйкес жүзеге асырылды. Білім беру бағдарламаларын «Педагог» кәсіптік стандарты талаптарының негізінде және жұмыс берушілердің қатысуымен орыс және қазақ тілінде әзірленді. Білім беру бағдарламасында: паспорт, оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары қарастырылған. Колледждің білім беру бағдарламалар «Talap» КЕАҚ сайтында белгілінген тәртіппен 2024 жылдың шілде айында тіркеуге жібереледі.

4.3.1 Білім беру бағдарламалар туралы мәліметтер

№	Мамандықтар коды мен атауы	ББ әзірленуге қатысқан жұмыс берушілердің атауы	Кәсіптік стандарттар	Оқу траекториясы	WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттары	«Talap» КЕАҚ сайтында Тіркеу күні, №
	01140500 Дене тәрбиесі және спорт	«Премииум Шымкент» бөбекжай-	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен"	Орта буын маманы	жоқ	Бекітілген кестесіне сәйкес 2024

		бала бақша сы» ЖШС	Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы			жылдың шілде айында реестрге жібереледі
	01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	«Премиум Шымкент» бөбекжай- бала бақша сы» ЖШС	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы	Орта буын маманы	жоқ	Бекітілген кестесіне сәйкес 2024 жылдың шілде айында реестрге жібереледі

Колледждің оқыту нәтижелеріне негізделген білім беру бағдарламасының мазмұны орта буын маманын игере отырып, оқу траекториясы құрылған.

Қорытынды: Колледждің білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің қатысуымен МЖМБС, кәсіптік білім беру кәсіби стандарты талаптарының негізінде әзірлеген.

4.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1,2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының модельдері негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарларының болуы

Колледжде 2023-2024 оқу жылында ЖОЖ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының»(бұдан әрі - №348 МЖМБС) 10-тармағына сәйкес 1-қосымшасындағы ТЖКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленді.

Колледждің білім беру қызметі 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде әзірленген.

Сонымен қатар, «2023-2024оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар» ҚР Оқу-ағарту бірінші вице-министрінің хаты басшылыққа алынған.

Кесте 5.4 Жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) мен жұмыс оқу бағдарламалары (ЖОБ) туралы мәлімет

Мамандық атауы, коды	Біліктілік атауы	ЖОЖ негізі (бұйрықтың №, қосымша №)	ЖОБ негізі (бұйрықтың №, қосымша №)
1-курс (оқуға қабылдау – 2023 ж.)			

01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС
01140500 Дене тәрбиесі және спорт	4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС-қа №1 қосымшасы.	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС
2-курс (оқуға қабылдау – 2022 ж.)			
01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту		Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС-қа №1 қосымшасы	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС.
01140500 Дене тәрбиесі және спорт		Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС-қа №1 қосымшасы	Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС.
3-курс (оқуға қабылдау – 2021 ж.)			
01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту		ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 1-қосымша.	ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 2-қосымша.

01140500 Дене тәрбиесі және спорт		ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 15-қосымша.	ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына №16-қосымша.
4-курс (оқуға қабылдау – 2020 ж.)			
01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту		ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 1-қосымша.	ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 2-қосымша.
01140500 Дене тәрбиесі және спорт		ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 15-қосымша.	ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына № 16-қосымша.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары, оның ішінде жұмыс оқу жоспарлары және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жұмыс оқу бағдарламалары №130 бұйрығына сәйкес әзірленген, кафедра және ОӘК отырысында талқыланып, педагогикалық кеңесте қаралып, әлеуметтік серіктестік өкілдерімен келісіліп, колледж директорымен бекітілген.

Мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары № 130 бұйрығына № 2-Қосымшасының нысанына сәйкес оқу жұмыс жоспарына сәйкес барлық пәндер/модульдер бойынша әзірленеді.

Бекітілген жұмыс оқу жоспарларында техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімі сақталған. Жұмыс оқу жоспарында барлығы -52 апта, оның 40 аптасы міндетті оқуға бөлінген. Демалыс - жылына 11 апта, оның ішінде қысқы мерзімде 2 апта, 1 апта мереке күндері.

2023-2024 оқу жылында бекітілген ЖОЖ Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлік палатасы 19.12.2022ж. №500 бұйрығының №40 қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 МЖМБС негізінде кредиттік-модульдік технология бойынша әзірленген:

1.01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы, 4S01140501 – Дене тәрбиесі мұғалімі біліктілігі бойынша 3 жыл 10 ай көлемінде оқытылып 6396 сағат (оның ішінде ЖББ-1368, БМ-216, КМ-3984, А/А-156, Қ/А-36 және Фак-336, пәнге кеңес-300) (факультатив, консультация сағаттарды қосқанда) жасалынды. **ЖШС «Престиум Шымкент» бөбекжай-балабақшасының басшысы А.Е. Есназаровамен келісілген. Мектеп болу керек!**

2. 01140500 - «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы, 4S01140501 – Дене тәрбиесі мұғалімі біліктілігі бойынша 2 жыл 10 ай көлемінде оқытылып 4860 сағат (оның ішінде БМ-504, КМ-3696, А/А-84, Қ/А-36 және Фак-240, пәнге кеңес-300) (факультатив, консультация сағаттарды қосқанда) жасалынды. **ЖШС «Престиум Шымкент» бөбекжай-балабақшасының басшысы А.Е. Есназаровамен келісілген. Мектеп болу керек!**

3. 01120100 – Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы, 4S01120102 – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі біліктілігі бойынша 3 жыл 10 ай көлемінде оқытылып 6576 сағат (оның ішінде ЖББ-1440, БМ-552, КМ-3480, А/А-288, Қ/А-72 және Фак-432, пәнге кеңес-384) (факультатив, консультация сағаттарды қосқанда) жасалынды. **ЖШС «Престиум Шымкент» бөбекжай-балабақшасы басшысы А.Е. Есназаровамен келісілген.**

4. 01120100 – Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы, 4S01120102 – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі біліктілігі бойынша 2 жыл 10 ай көлемінде оқытылып 4896 сағат(оның ішінде БМ-552, КМ-3480, А/А-216, Қ/А-72 және Фак-288, пәнге кеңес-288) (факультатив, консультация сағаттарды қосқанда) жасалынды. **ЖШС «Престиум Шымкент» бөбекжай-балабақшасы басшысы А.Е. Есназаровамен келісілген.**

Қорытынды: Колледждің мамандықтар бойынша оқу жұмыс бағдарламалары және оқу жұмыс жоспарлары №348 МЖБС талаптарына сәйкес келеді.

4.5 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ТЖКОКББ бекіткен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы;

Колледжде 2023-2024 оқу жылында колледжде Жұмыс оқу бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша жұмыс берушілердің қатысуымен №348 МЖМБС, «Педагог» кәсіптік стандартына сүйене отырып, әзірленді.

Жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес әзірленді.

Жұмыс оқу бағдарламалары ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 сәуірдегі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығының қосымшаларына сәйкес әзірленіп, мамандықтар бойынша ЦПБ және ОӘК отырысында талқыланып, колледж директорымен бекітіледі.

Қорытынды: Колледжде оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары әзірленген және колледж директорымен бекітілген. Колледждің педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру қызметі №348 МЖБС 11-тармағына сәйкес келеді.

4.6. Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жеке оқу жоспарын және арнайы оқу бағдарламасын (бар болған жағдайда) іске асыру - колледжде іске асырылмаған.

4.7. Міндетті жалпы білім беретін пәндерінің тізбесі мен көлемінің, сондай-ақ қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің пәндерінің сәйкестігі.

Мамандық бейініне байланысты ЖОЖ-да міндетті жалпы білім беретін пәндердің оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлерінің екі пәні қарастырылған.

Жаратылыстану-математикалық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Физика", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандарттық деңгейдегі пәндерге "Дүниежүзі тарихы", "Биология", "География" жатады.

Қоғамдық-гуманитарлық бейіннің тереңдетілген оқыту деңгейіндегі пәндеріне "Дүниежүзі тарихы", "Химия", "Биология", "География" жатады. Бейіндік оқытудың осы бағытында стандартты деңгейдегі пәндерге "Физика", "Химия", "Графика және жобалау" жатады.

Кесте 4.7 Колледждегі таңдау пәндер бойынша мәлімет

№	Мамандық атауы,	Таңдау пәндер
---	-----------------	---------------

	коды		қоғамдық-гуманитарлық бағыты				жаратылыстану-математикалық бағыты		"Өнер және мәдениет"	
			Терең-детілген деңг.		Стандарт-тық деңгей		Терең-детілген деңг.	Стандарт-тық деңгей	Терең-детілген деңг.	Стандарт-тық деңгей
1.	01140500 Дене тәрбиесі және спорт	2021-2022	Биология	144	Физика	72			-	-
			География	120	Химия	120				
		2022-2023	Биология	144	Физика	72				
			География	120	Химия	120				
2.	01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	2021-2022	Биология	144					-	-
			География	96	Химия	120				
		2022-2023	Биология	144						
			География	96	Химия	120				

Қорытынды: Колледждің оқу жұмыс жоспарлары қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып, міндетті жалпы білім беретін пәндердің, сондай-ақ тереңдетілген және стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлеміне сәйкес келеді.

4.8 Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін енгізе отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу (орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін) - колледжде іске асырылмаған.

4.9 Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндері немесе базалық модульдері, сондай-ақ кәсіптік модульдерді зерделеу

Колледжде 2022-2023 оқу жылында кредиттік-модульдік жүйесі (модульдік және кредиттік оқыту технологиясының бірлігіне негізделген оқу процесін ұйымдастыру моделі) бойынша оқу процесі жүргізілді.

Осыған байланысты, жалпы білім пәндер оқыту (ЖБП), базалық (БМ) және кәсіптік модульдері (КМ) бойынша іске асырылады.

Колледжде жұмыс оқу жоспарлары 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (бұдан әрі - №348 МЖМБС) 10-тармағына сәйкес 1-қосымшасындағы ТЖКБ оқу жоспарының моделі негізінде әзірленді.

Базалық құзыреттер салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіруге, қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтенуге және бейімделуге, патриотизм мен ұлттық сана-сезімді дамытуға, кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеруге, кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған.

Колледждегі білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде мынадай базалық модульдер оқытылады:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

«Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модуліорта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламаларында көзделген.

Кәсіптік модульдер экологиялық және/ немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, біліктілік бойынша еңбек функциялары мен кәсіби міндеттердің мазмұнына сәйкес барлық мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларына енгізілді.

01140500 Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша

КМ 01 - Білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту

КМ 02 - Оқу ақпаратын тарату

КМ 03 - Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру

КМ 04 - Оқушылардың білім мазмұнын игеру деңгейін анықтау

01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша

КМ 01 - Оқу ақпаратының таратылуы

КМ 02 - Білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баулу

КМ 03 - Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру

КМ 04 - Білім алушылардың білім мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

КМ 05 - Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесу

КМ 06 - Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету және мектеп жасына дейінгі баланың өмірін қорғауды қалыптастыру.

Қорытынды: Колледжде білім беру процесі мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларындағы базалық және кәсіптік модульдері бойынша іске асырылады.

4.10 Өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту

Колледжде дайындалатын 2 педагогикалық мамандық бойынша күндізгі оқыту бөлімінің кәсіби тәжірибелерден өткізу жұмыстары №348 МЖМБС-қа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 9 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларына» сәйкес ұйымдастырылған және өткізіледі.

«№ 130 бұйрығы негізінде әр бір оқу тобына өндірістік оқытуды есепке алу журналдары арналып, жұмыс оқу бағдарламаларына, оқу процесінің кестесіне сәйкес толтырылады. Барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарындағы оқу практикалары колледж базасында, ал қалған практика түрлері келісім шарт негізіндегі білім беру ұйымдарында өтеді.

Кәсіптік практика оның ішінде өндірістік және диплом алды практика бойынша анықталған мекемелермен жасасқан шарттардың негізінде білім алушының күнделігінде атқарған жұмыстары жазбалармен сәйкес, белгіленген формаға және практика бағдарламаларына сәйкес өндірістік мінездемелер берілген.

Колледждің барлық білім беру бағдарламалары теориялық оқыту мен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практика мамандығына байланысты практика жетекшісінің басшылығымен, білім беру ұйымдар базасында практика жетекшісінің – тәжірбиелі педагог басшылығымен өткізіледі.

Кәсіптік практика оқу, өндірістік және диплом алды болып бөлінеді.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспары мен және жұмыс оқу бағдарламалары мен айқындалады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің қағидалары қолданылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтетін студенттерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

Базалық тәжірибе сипатында анықталған мекемелермен жасасқан шарттардың негізінде білім алушының күнделігінде атқарған жұмыстары жазбалармен сәйкес, белгіленген формаға және тәжірибе бағдарламаларына сәйкес пікірлерімен мінездемелер берілген.

- Оқу-танысу және өндірістік іс-тәжірибеден өтудің сапасы мен тиімділігі, олардың мамандар дайындаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалған.

- Оқу процесінің өндірісімен интеграциясы бойынша тәжірибеден өтуші студенттердің әдіскерлері мен мекемелер әдіскерлері арасында тығыз байланыс орнатылғаны байқалады.

- Тәжірибеден өту барысын жүзеге асыру бір жүйеге қойылған.

Оқу-танысу және өндірістік іс-тәжірибенің өтуі бойынша колледжінің әдіскерлерінің тексеру кестесі бар. Сыныптан тыс жұмыс технологиясы, Білім алушының таңдауы бойынша практика, байқау тәжірибесі, педагогикалық қызметке кіріспе, мектептердегі байқау тәжірибесі, интернетпен жұмыс, жазғы іс-тәжірибесіне дайындық, өндірістік және педагогикалық тәжірибесі, оқу үйрену тәжірибесі, танысу іс тәжірибесі, диплом алды тәжірибесі.

Оқу процесінің графигінде оқу тәжірибесі, танысу тәжірибесі, өндірістік тәжірибелер мерзімдері сақталған. Кәсіби тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізуге қатысты құжаттар тәжірибе базаларымен келісім-шарттар, қатынас хаттар, тәжірибеге жіберу туралы ұсыныстар мен жолдамалар жасалынған.

Күндізгі бөлім студенттері танысу, оқу, технологиялық, өндірістік, диплом алдындағы іс-тәжірибеден және тәжірибе жинақтаудан өтеді. Іс – тәжірибе қорытындысы бойынша студенттердің жинақтаған материалдарын

және іс – тәжірибе қорытындыларын қорғау бойынша конференциялар тәжірибеден кәсіпорындардан келетін мамандардың шақыруымен ұйымдастырылады. Қорытынды конференциялар практикадан өту нәтижелерін көрсетеді.

4.10.1 2023-2024 оқу жылдары кәсіптің оқыту және практикасының қысқы аралық аттестаттудың нәтижелері

№	Мамандық, біліктілік, курс	Студенттер саны	«5-ке» бағаланған студент саны	«4-ке» бағаланған студент саны	«3-ке» бағаланған студент саны	«2-ке» бағаланған студент саны	Орташа балы	Оң бағаланғандардың %-ы
	МДО-23	14	-	14	-	-	4,0	100%
	МДО-33	14	-	14	-	-	4,0	100%
	МДО-22	5	-	5	-	-	4,0	100%
	МДО-32	7	-	7	-	-	4,0	100%
	МДО-21	9	-	9	-	-	4,0	100%
	МДО-31	15	-	15	-	-	4,0	100%
	МДО-20	8	-	8	-	-	4,0	100%
	Барлығы	72		183			4,0	100
	ДС-23	23	-	23	-	-	4,0	100%
	ДС-33	10	-	10	-	-	4,0	100%
	ДС-22	29	-	29	-	-	4,0	100%
	ДС-32	27	-	27	-	-	4,0	100%
	ДС-21	25	-	25	-	-	4,0	100%
	ДС-31/1	26	-	26	-	-	4,0	100%
	ДС-31/2	24	-	24	-	-	4,0	100%
	ДС-20	19	-	19	-	-	4,0	100%
	Барлығы	183		183			4,0	100

4.10.2 2023-2024 оқу жылдары кәсіптік оқыту және практикасының жазғы аралық аттестаттудың нәтижелері

№	Мамандық, біліктілік, курс	Студенттер саны	«5-ке» бағаланған студент саны	«4-ке» бағаланған студент саны	«3-ке» бағаланған студент саны	«2-ке» бағаланған студент саны	Орташа балы	Оң бағаланғандардың %-ы
	2023-2024 оқу жылы							
	МДО-23	14	-	14	-	-	4,0	100%
	МДО-33	14	-	14	-	-	4,0	100%
	МДО-22	5	-	5	-	-	4,0	100%
	МДО-32	7	-	7	-	-	4,0	100%
	МДО-21	9	-	9	-	-	4,0	100%
	МДО-31	15	-	15	-	-	4,0	100%
	МДО-20	8	-	8	-	-	4,0	100%
	Барлығы	72		183			4,0	100

	ДС-23	23	-	23	-	-	4,0	100%
	ДС-33	10	-	10	-	-	4,0	100%
	ДС-22	29	-	29	-	-	4,0	100%
	ДС-32	27	-	27	-	-	4,0	100%
	ДС-21	25	-	25	-	-	4,0	100%
	ДС-31/1	26	-	26	-	-	4,0	100%
	ДС-31/2	24	-	24	-	-	4,0	100%
	ДС-20	19	-	19	-	-	4,0	100%
	Барлығы	183		183			4,0	100

Базалық тәжірибе сипатында анықталған мекемелермен жасасқан шарттардың негізінде білім алушының күнделігінде атқарған жұмыстары жазбалармен сәйкес, белгіленген формаға және тәжірибе бағдарламаларына сәйкес пікірлерімен мінездемелер берілген.

- Оқу-танысу және өндірістік іс-тәжірибеден өтудің сапасы мен тиімділігі, олардың мамандар дайындаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орындалған.

- Оқу процесінің өндірісімен интеграциясы бойынша тәжірибеден өтуші студенттердің әдіскерлері мен мекемелер әдіскерлері арасында тығыз байланыс орнатылғаны байқалады.

- Тәжірибеден өту барысын жүзеге асыру бір жүйеге қойылған.

Оқу-танысу және өндірістік іс-тәжірибенің өтуі бойынша колледжінің әдіскерлерінің тексеру кестесі бар. Сыныптан тыс жұмыс технологиясы, Білім алушының таңдауы бойынша практика, байқау тәжірибесі, педагогикалық қызметке кіріспе, мектептердегі байқау тәжірибесі, интернетпен жұмыс, жазғы іс-тәжірибесіне дайындық, өндірістік және педагогикалық тәжірибесі, оқу үйрену тәжірибесі, танысу іс тәжірибесі, диплом алды тәжірибесі.

Мамандықтар бойынша ЖОЖ-да кәсіптік практикаға тиісті кредиттер/сағаттар бөлінген:

Жұмыстық оқу жоспарында өндірістік оқыту және кәсіптік практика атаулары және өтілу мерзімдері оқу процесінің кестесінде көрсетілген.

2023-2024 оқу жылындағы:

Практика түрлері бойынша: Жалпы 1152 сағат, (парапрактика атаулары жұмыс оқу жоспарында көрсетілген), оның ішінде курстар бойынша:

1-курс- 324 сағат (оқу практикасы)

2-курс- 468 сағат(оқу практикасы)

3-курс- 360 сағат(оқу практикасы) және диплом алдындағы практикаға 216 сағат.

0103000-«Дене шынықтыру және спорт» 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай бойынша:

2023-2024 оқу жылындағы:

Практика түрлері бойынша: Жалпы 2232 сағат, **3 жыл 10 ай** (парапрактика атаулары жұмыс оқу жоспарында көрсетілген), Оның ішінде курстар бойынша:

1-курс - жоқ

2-курс- 720 сағат (оқу практикасы)

3-курс- 792 сағат (оқу практикасы)

4 - курс 504 (оқу практикасы) және диплом алдындағы практикаға 216 сағат.

Практика түрлері бойынша: Жалпы 2232 сағат, **2 жыл 10 ай** (парактика атаулары жұмыс оқу жоспарында көрсетілген), Оның ішінде курстар бойынша:

1-курс- 720 сағат (оқу практикасы)

2-курс- 792 сағат (оқу практикасы)

3-курс 504 (оқу практикасы) және диплом алдындағы практикаға 216 сағат.

Оқу процесінің графигінде оқу тәжірибесі, танысу тәжірибесі, педагогикалық тәжірибелер мерзімдері сақталған. Кәсіби тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізуге қатысты құжаттар тәжірибе базаларымен келісім-шарттар, қатынас хаттар, тәжірибеге жіберу туралы ұсыныстар мен жолдамалар жасалынған.

Колледждің кәсіптік тәжірибесінің жетекшілері - арнайы пәндер оқытушылары болып табылады.

Қорытынды: Колледж барлық мамандықтар бойынша студенттерінің өндірістік оқыту мен кәсіптік практикасы №348 МЖМБС-қа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 9 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларына» сәйкес ұйымдастырылған және өткізген.

4.11 Бақылаудың әр түрлері арқылы оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды жүргізу: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау арқылы

Колледжде білім алушылардың үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларына» (бұдан әрі - №125 Үлгілік қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалау әр түрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

2020-2021 оқу жылынан бастап 1-2 курс студенттерінің оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен (халықаралық практикада қабылданған сандық эквивалентті әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі) жүргізіледі. Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім алушылардың оқу

жетістіктері (білім, білік, дағды және құзыреттілік) 4 балдық шкала бойынша тиісті цифрлық эквиваленті бар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге (оң бағалар, кемюіне қарай, "А" - дан "D"-ға дейін, "қанағаттанарлықсыз" - "F") сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Ал, 3-4 курс білім алушылардың білімін бағалау цифрлық бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі: (5 - "өте жақсы", 4 - "жақсы", 3 - "қанағаттанарлық", 2 - "қанағаттанарлықсыз").

Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар (жұмыстар) пәнді, соның ішінде модульге біріктірілген пәнді оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Сараланған бағамен өткізілетін сынақтар, емтихандар, курстық жұмыстар (жобалар) кәсіптік тәжірибе бойынша сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер бойынша жүргізіледі. Білім беруді ұйымдастыру процесі бойынша білім алушылардан сауалнама жүргізіліп, сессия кезінде нәтижелері талқыланып отырды.

Білім алушылардың білім сапасына ішкі бақылау ұйымдастырылған, оның нәтижелілігі мен тиімділігі жөніндегі есеп оқу бөліміне тапсырылды. Ағымды және қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кеңесте бекітіліп, жазбаша, ауызша, тест түрінде (жазбаша және компьютерде) емтихан алынады.

Аралық аттестаттаудың емтихан ведомосты № 130 бұйрығы негізінде жасалынған. Оқу бөлімінің қызметтік хаты негізінде білім алушыларды аралық/қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрықтары шығарылары. Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында бақылау, сынақ, емтихан сұрақтары емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып кафедра отырысында талқыланып, оқу бөлімімен бекітілген. Сынақ, емтихан, курстық жұмыс (жоба), дипломдық жоба қорғау кезінде білім алушылардың білімін бағалау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған. Бұл жүйе бойынша оқушылардан әр пән бойынша әр семестрде 2 рет рейтинг аттестациясы алынып, қорытынды жинағы жасалып, орта үлгерім сапасы анықталған. Ағымдағы бақылау пәндері бойынша оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (оқушының өзіндік жұмысы) алынған. Білім алушылардың курсы бойынша ағымдық, аралық және қорытынды аттестацияларының қорытынды құжаттары оқу бөлімінде сақталады. Сынақ-емтихандардың бағасы оқушының сынақ кітапшасына қойылған. Әр оқытушы сынақ-емтиханның қорытынды бағасын ведомостқа түсіріп, оқу бөліміне өткізген. Аралық бақылау нәтижелерінің қорытындысы бойынша оқу бөлімінде жинақ ведомосттары жинақталған.

Академиялық топтарда сынақ емтихан сессиясы барысында алған бағаларына қанағаттанбаған білім алушылар пәннің бақылау түрін қайта тапсыруға апелляция комиссиясына өтініш бере алады. Педагогикалық кеңестің шешімімен апелляция комиссиясының құрамы бекітілген. Білім

алушылардан түскен өтініштер негізінде комиссия отырысы болып, бақылау түрін қайта тапсырады. Аталған іс-шара отырыс хаттамасымен рәсімделеді.

Кесте 4.11.1. 2023 – 2024 оқу жылдарындағы қысқы аралық аттестаттаудың нәтижелері

№	Мамандық, біліктілік, курс	Студенттер саны	«5-ке» бағаланған студент саны	«4-ке» бағаланған студент саны	«3-ке» бағаланған студент саны	«2-ке» бағаланған студент саны	Орташа балы	Оң бағаланғандардың %
	2023-2024							
1	МДО-23	14	2	14	-	-	4,2	100%
2	МДО-33	14	5	8	1	-	4,3	85%
3	МДО-22	5	2	3	-	-	4,2	100%
4	МДО-32	7	2	5	-	-	4,2	100%
5	МДО-21	9	1	7	1	-	4	88%
6	МДО-31	15	2	11	2	-	4	86%
7	МДО-20	8	1	6	1	-	4	87%
	Барлығы	72	15	52	5		4,1	92,5%
8	ДС-23	23	3	17	3	-	4,1	87%
9	ДС-33	10	2	7	1	-	4,2	90%
10	ДС-22	29	5	20	4	-	4,1	86%
11	ДС-32	27	-	22	5	-	4	81%
12	ДС-21	25	-	25	-	-	4	100%
13	ДС-31/1	26	4	120	2	-	4,1	88%
14	ДС-31/2	24	5	19	-	-	4	100%
15	ДС-20	19	4	15	-	-	4	100%
	Барлығы	183					4,1	91,5%

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 3,9, дене тәрбиесі және спорт мамандығының қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 3,9 болды. 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 4,1 дене тәрбиесі және спорт мамандығының қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 4,1 болды. Орташа үлгерім көрсеткіші көтерілді.

Кесте 4.11.2 2023 – 2024 оқу жылдарына жазғы аралық аттестаттаудың нәтижелері

№	Мамандық, біліктілік, курс	Студенттер саны	«5-ке» бағаланған студент саны	«4-ке» бағаланған студент саны	«3-ке» бағаланған студент саны	«2-ке» бағаланған студент саны	Орташа балы	Оң бағаланғандардың %
2023-2024								

	МДО-23	14	3	11		-	4,2	100%
	МДО-33	14	4	8	2	-	4,3	86%
	МДО-22	5	2	3		-	3,9	100%
	МДО-32	7	2	5		-	4	100%
	МДО-21	9	-	8	1	-	4	89%
	МДО-31	15	2	13		-	4	100%
	МДО-20	8	-	7	1	-	4	85,5%
Барлығы		72	13	55	4		4,1	94,4%
	ДС-23	23	3	17	3	-	4,2	87%
	ДС-33	10	4	6		-	4,2	100%
	ДС-22	29	5	20	4	-	4	86,2%
	ДС-32	27	3	22	2	-	4	93%
	ДС-21	25	-	25		-	4,1	100%
	ДС-31/1	26	6	17	3	-	4	88,5%
	ДС-31/2	24	4	20			4,1	100%
	ДС-20	19	2	17			4,1	100%
Жалпы		183	27	144	12	-	4,2	94,3%

2022-2023 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша жазғы аралық аттестаттаудың орташа балы 4,1, дене тәрбиесі және спорт мамандығының қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 4,1 болды. 2023-2024оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 4,1 дене тәрбиесі және спорт мамандығының қысқы аралық аттестаттаудың орташа балы 4,2 болды. Орташа үлгерім көрсеткіші тұрақты болды.

Науқастануы бойынша немесе басқа да дәлелді себептер бойынша аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларды аралық аттестаттауға оқу бөлімінің жолдама қағазымен белгілі мерзім ішінде жіберіледі.

№125 Үлгілік қағидалырының 20-тармағына сәйкес белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа колледж директоры бұйрығымен көшіріледі.

Қорытынды аттестаттау - білім алушыларды қорытынды аттестаттау - олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. Колледжде қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы, диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғауды немесе дипломдық жұмысты орындауды және қорғауды қамтиды.

Кесте 4.11.4 Мамандықтар бойынша қорытынды аттестаттау нысандары

№	Мамандығы, біліктілігі	Қорытынды аттестаттаудың нысаны (модуль бойынша кешенді емтихан)	Қорытынды аттестаттаудың түрі (ауызша, жазбаша, тест)
	2023-2024оқу жылы		

1	0101000 Мектепке дейінгі тәрбиесі	Кешенді емтихан Пәндер: 1. Мектепке дейінгі педагогика, мектепке дейінгі психология 2. 1.Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін дамытуды қамтамасыз ету. 2.Музыкадағы заманауи ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып шығармашылық даму әдістерін қолдану	ауызша
2	0103000 Дене шынықтыру және спорт	Кешенді емтихан Пәндер: 1. Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру 2. Оқушылардың білім мазмұнын игеру деңгейін анықтау	ауызша

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылып, қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, оқу орнын басқарудың алқалы органдары өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және колледж өкілдерінен 35% арақатынасында құрылып, бұйрықпен бекітіледі.

Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала колледж директоры бекітілген кестесі бойынша өткізіледі. Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберіледі.

Компьютерлік тестілеу ақпараттық жүйелерге енгізілген құралдардың көмегімен немесе жеке құралдардың көмегімен өткізіледі. Тестілеу процесі автоматтандырылған. Тестілеу нәтижелерін автоматтандырылған өңдеу және сақтау қамтамасыз етіледі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды жүргізу бойынша комиссия отырыстары хаттамалары жинақталған, мұрағатқа тапсырылған.

Талдау нәтижелері: Колледжде оқыту нәтижелерінің жетістіктерін базалау әр түрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау - МЖМБС 9-тармағына және № 125 Үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

4.12 Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ білім беру бағдарламасын ішінара немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту

үшін (ақыл-ойы сақталмаған адамдар болған кезде) әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы - колледжде іске асырылмаған.

4.13 Білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы негізінде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталған адамдар болған кезде) әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы - колледжде іске асырылмаған.

4.14 Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

Кесте 4.15.1 Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі

№	Мамандықтың атауы мен коды	Оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талабы, сағат	ЖОЖ-ғы Факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда оқу жүктемесі	Стандарт талабына сәйкестігі
1.	01120100- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	54	48	Сәйкес келеді
2.	01140500- Дене тәрбиесі және спорт	54	48	Сәйкес келеді

4.15 күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, білім алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі

МЖМБС-тің 16-тармағына сәйкес барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жопарларында білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспайды. Теориялық оқытудың оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультацияларды қоспағанда).

Білім алушылардың оқу жүктемесі оқу кестесінің максимальды көлеміне сәйкес келеді. Оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағатты есепке алғанда білім алушылардың оқу жүктемесінің максималдық көлемі (факультатив сағаттарды қосқанда) аптасына 40-42 сағатты құрайды. Бекітілген оқу жұмыс жоспарларында күндізгі оқу нысаны кезінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі күрделілігіне, күтілетін белгіленген біліктілік деңгейіне және білім алушылардың базалық білім деңгейіне қарай нормативтік мерзімі сақталған.

Қорытынды: күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі, сондай-ақ факультативтік сабақтар мен консультацияларды қоса алғанда, білім

алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарың сақталған және МЖМБС сәйкес келеді.

4.16 Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау

Колледждің мамандықтар бойынша ЖОЖ-да МЖМБС-тің 18-тармағына сәйкес міндетті білім бойынша оқу уақытының көлемі бір оқу жылында 60 кредит/1440 сағатты құрайды. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Колледж 2022-2023 оқу жылынан бастап оқытудың кредиттік технологиясына өткен. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде колледждегі дайындалатын мамандықтардың ерекшеліктеріне және әлеуметтік серіктестер кәсіпорындардың сұраныстары мен ұсыныстары негізінде міндетті оқу кредиттерінің саны айқындалды. Атап айтқанда:

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредиттен бөлінді. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 1 және 2 жұмыс біліктілігіне дейін игереді;

- жалпы орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 120-180 кредиттен бөлінді. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 1 және 2 жұмыс біліктілігіне дейін игереді;

Қорытынды: Колледжде міндетті білім бойынша оқу уақытының көлемі бір оқу жылында 60 кредит/1440 сағатты болуы талабы орындалған.

4.17 Әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтау

Әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемі МЖБС модельдерінде сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады.

Бекітілген кредиттік-модульдік жүйесіндегі мамандық бойынша оқу жоспарында жалпы білім беретін пәндер, базалық және кәсіптік модульдері бойынша теориялық және өндірістік оқыту мен бірге оқу жұмысының басқа түрлері қарастырылған, атап айтқанда: Теориялық оқыту, Кәсіптік практика, және Өндірістік оқыту, Аралық аттестация, Қорытынды аттестация, Консультациялар, Факультативтер.

МЖБС 3-тарау 18-тармағына сәйкес Колледждің ЖОЖ білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған.

Барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларында №604, №348 МЖМББС-қа сәйкес «білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған. Факультатив сабақтарға аптасына 4 сағаттан аспайтын, консультацияларға жылға 100 сағаттан аспайтын көлемінде жоспарланған.

Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша ЖОЖ сәйкес 2023-2024 оқу жылдарына факультатив сабақтарына негізгі орта білім базасына 432 сағат, ал жалпы орта білім базасына 316 сағаттан бөлініп, негізгі орта білім

базасындағы жұмыс оқу бағдарламаларына саналы ұрпақ сабағы 24 сағаттан, жалпы орта білім базасына өлкетану пәні 48 сағаттан ендірілді.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша ЖОЖ сәйкес 2023-2024оқу жылдарына факультатив сабақтарына негізгі орта білім базасына 296 сағат, ал жалпы орта білім базасына 296 сағаттан бөлініп, негізгі орта білім базасындағы жұмыс оқу бағдарламаларына саналы ұрпақ сабағы 24 сағаттан, жалпы орта білім базасына өлкетану пәні 48 сағаттан ендірілді.

Кесте 4.17 Факультатив және консультация сағат саны

№	Мамандық атауы	Біліктілік атауы	Курсы	Факультатив сағат саны		Консультация сағат саны	
				3ж 10 ай	2ж 10 ай	3ж 10 ай	2ж 10 ай
1.	01120100-Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4S01120102-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	1	144	120	96	96
			2	120	96	96	96
			3	96	72	96	96
			4	72		96	
2.	01140500- Дене тәрбиесі және спорт	4S01140501- Дене тәрбиесі мұғалімі	1	120	120	96	96
			2	120	96	96	96
			3	96	96	96	96
			4	96		96	

Қорытынды:әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақталған және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

4.18 Кешкі оқыту нысаны үшін міндетті оқу сабақтарының оқу уақыты көлемін кемінде 70%, сырттай оқу нысаны үшін - күндізгі оқу нысаны үшін көзделген уақытының көлемнің күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті көлемінің кемінде 30% сақтауы

Колледжде 2023-2024оқу жылында кешкі оқыту нысаны бойынша оқыту қарастырылмаған.

Қорытынды: Талдау нысаны жоқ.

6.ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

6.1. Ғимараттың түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі және т.б.

Жыл сайын жаңа оқу жылына оқу бөлмелеріне, зертханаларға, шеберханаларға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, дайындалуда. Жылыту маусымы басталмас бұрын жылу жүйесі қыс мезгілінде үздіксіз жұмыс істеуге дайындалады. Барлық жөндеу жұмыс түрлері 100% дайындық актісін алу арқылы аяқталады.

Авимед көпсалалы колледжі жылжымайтын мүлікті 16.01.2016ж. «Жылжымайтын мүлікті оперативті басқаруға тапсыру Келісімі» келісім шарты және 05.10.2020ж., 27.06.2024ж. жылжымайтын мүлікті оперативті басқаруға тапсыру келісіміне қосымша» негізінде ғимараттарды пайдаланады.

Келісім шарты және қосымша келісімдер Әділет департаментінің Шымкент қаласы Қаратау аудандық әділет басқармасымен тіркелген, кадастрлік № 19:309:225:426. Жер телімі 27.10.2004 мемлекеттік актісі негізінде меншікке берілген.

Ғимараттың жобалық қуаты - 1000 орын, колледж контингенті – 1103 студент, оқу 2 ауысым бойынша ұйымдастырылған. Ағымдағы жөндеу жұмыстары 2023 жылы жүргізілген. Күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етілмейді.

6.2 Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (оқу кабинеттері, спорт залдары, шеберханалар, зертханалар, өткізу пункттері, санитарлық тораптар, білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы), оның ішінде алаңы бар оқу үй-жайлары);

Оқу ғимаратында «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы / 0370272023 ж. №KZ01UWP00043224 хабарлама берген.

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесімен тексеру жұмыстары жүргізіліп № 34 31.05.2022 ж. тексеру нәтижелері туралы акті берілді.

Колледжде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі бар және кәріз жүйесі жүргізілген, 4 санитариялық тораптар жабдықталған (унитаздар саны - 12 , қол жуғыштар саны –7).

Білім алушылардың оқу бағдарламалары мен жоспарларын толық игеруін қадағалау мақсатында колледжде бейнебақылау жүйесі іске қосылған: сыртқы камера - 7 дана, ішкі камера - 32 дана, жалпы 39 бейнекамера бар. Бейне бақылау жүйесі ҚР ІІМ 2019.01.23 № 49 және ҚР БҒМ 2019.01.23 № 32 бірлескен бұйрығының талаптарына сай жабдықталған. Келісім шарт № 6 15.02.2024 жылы (ЖК «HiTech» Service) Шымкент университетімен жасалды.

6.3 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер

Колледжде мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған баспалдақтың орнына пандус орнатылған, кіреберіс алаңында сырғанамайтын жабындармен жабдықталған, колледжге қол жетімділік белгісі орнатылған, демалыс және күту орындары жабдықталған, кабинеттердің, оқу кабинеттерінің, кітапханалардың есіктері кеңейтілген, қажетті жазулар бар.

6.4 Студенттердің тұруы үшін жағдай жасау туралы мәліметтер

Колледж студенттері үшін 01.09.2023ж. «Шымкент университеті» жеке мекемесі және «Авимед» көпсалалы колледжі» жеке мекемесі арасында түзілген келісім шарты негізінде 70 орынға ие. Жатақхананың бөлмелері үш

адамның тұруына арналған. Жатақхананың әрбір қабатында гигиена бөлмелері (дәретханалар) орналасқан. Қажетті жабдықтармен (электр плиталарымен, ыстық және суық сумен) жабдықталған. Ас үй жатақхананың әрбір қабатында орналасқан. Жатақханада орталық жылу, суық су және ыстық су бар. Жатақханаға орналастыруға 100 өтініш берген, 70 студентке орын берілді. Қамту көрсеткіші 70 % тұрады.

6.5 Мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70, 07.03.2012 ж. 97 бұйрықтары)

Қазіргі уақытта теориялық және практикалық сабақтар өткізуге арналған 31 оқу кабинеттері және 3 зертхана, лингофонды дәрісхана заман талаптарына сай жиһаздар мен оқу және оқу-зертхана жабдықтарымен, техникалық оқу құралдарымен жабдықталған, оқу процесінде белсенді қолданылады.

Колледж компьютерлік және интерактивті технологиялармен жеткілікті жабдықталған: компьютерлік сыныптар саны – 2, оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлердің жалпы саны – 73, оның 73 интернет желісіне қосылған, 5 интерактивті тақта, 2 видеопроектор бар. Бір компьютерге келетін студенттер саны – 5. Интернет жылдамдығы 100 Мб/с, бұл №79 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына» сәйкес жабдықтау көрсеткіші 93 % құрайды.

№ п/п	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Колледждегі көрсеткіш	Балдары
13	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 07 наурыздағы № 97 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру	100 %		5
		95 - 99 %		4
		80 - 94 %	93	3
		80 %-дан төмен		2

6.6 Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер

Колледж ғимаратында білім алушылар үшін 150 орындыққа ие, барлық заманауи жабдықтармен жабдықталған асхана бар. Асхана жеке кәсіпкер Улжалғас Тұрғанбекқызы Әбдрамановаға (ИП Абдраманова) жеке куәлігі №036748859, ЖСН 750410402037, 2022 жылғы 02 қыркүйек №12 жалға алу келісім шарты негізінде берілді. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды 13.05.2021 ж. № 1702.X.KZ39VWF00040875. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-

эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 186 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары санитариялық қағидаларына сәйкес келеді.

6.7 «Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер

Бағалау өлшемшарттарының 11-қосымшаға сәйкес колледжде лицензияланған медициналық кабинеті бар. Жалпы ауданы 32 м².

№0110692DX лицензиясы Қазақстан «Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесімен 18.08.2016 берілген (қоса тіркелген), мерзімі шектеусіз.

Талдау нәтижесі: Колледждің білім беру қызметі №473 біліктілік талаптарының 28, 29, 30, 31, 32, 33- тармақтарының талаптарына сәйкес келеді.

7. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

7.1 Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы

Студенттерді оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер және нұсқаулар мен қамтамасыз етуді мақсатында кітапхана жжүзеге асырады. Кітапханада абонемент, 50 орындық оқу және Интернетке қосылған электрондық залы жұмыс істейді.

Жалпы колледжде кітап қоры – 5289 дана, оның ішінде:

Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеті - 5289 дана, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіне» сәйкес жалпы білім беру пәндері бойынша – 1358 дана,

- базалық модульдер бойынша 1192 дана,

- кәсіптік модульдер бойынша – 1659 дана,

- Ғылыми және ғылыми кең тараған әдебиеттер – 378 дана

- электрондық басылымдар форматында – 507 дана.

- көркем әдебиеттер – 1535 дана

- Мерзімді басылымдар – 25 атаулар.

Кесте 7.1 Баспа басылымдар форматында оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қоры туралы мәлімет

Рет. №	Мамандықтар, біліктіліктер коды, атауы	Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетінің саны - жалпы	Оның ішінде:	
			Қазақ тілінде, саны/%	Орыс тілінде саны/%
	01140500- «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы	719	689/95%	30/4,2%
	01120111-«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы	812	787/96,9%	25/3,6%
	Барлығы			

Кесте 6.2 Электрондық басылымдар форматында оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қоры туралы мәлімет

Рет. №	Мамандықтар, біліктіліктер коды, атауы	Оқу және оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетінің саны - жалпы	Оның ішінде:	
			Қазақ тілінде, саны/%	Орыс тілінде, саны/%
	01140500- «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы	97	77/79%	20/23%
	01120111-«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы	102	78/76%	24/24%
	Барлығы	199	155	44

Колледжде дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес баспа және немесе электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиет қоры толық қамтылған.

Сонымен қатар, Шымкент университетінің кітапханасының қорын толық пайдалануға колледж әкімшілігі мен кітапхана меңгерушісі арасында келісім-шарт жасалған.

Студенттерді ақпараттық қамтамасыз ету үшін кітапханада бкомпьютер қойылған және 1 компьютер кітапханашыға жеке арналған, сонымен қатар студенттерге жеке жұмыс атқару үшін электрондық оқулықтар және лекциялық материалдар еңгізілген. Кітапхана көптеген аталған газеттер мен журналдарды алады. Студенттерді жетіспейтін әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар әрдайым жүргізіледі. Белгілі мерзімдерде жаңа кітап көрмелері және іс шаралары өткізіледі, республикалық ғылыми техникалық кітапханаларда (РҒТК), облыстық, қалалық кітапханамен жоғарғы оқу орындарының кітапханаларымен ақпаратты алмасу бойынша байланыс құрылады (МБА, семинарлар, ғылыми – тәжірибелік конференциялар).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау

бойынша қағидаларына» сәйкес кітапханада «Кітапхана қорын есепке алу кітабы», инвентарлық кітабы және жеке есепке алу формалар жүргізіледі.

№ п/п	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Колледждегі көрсеткіш	Балдары
14	Білім алушылар контингентіне қатысты оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оның ішінде мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша толық оқу кезеңіне оқу тілдері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы	100 %		5
		95 - 99 %	95	4
		80 - 94 %		3
		80 %-дан төмен		2

7.2 Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандыру туралы мәліметтер

Колледжде 25 оқыту дәрісханалары, 2 зертхана бар. Локалды желіге біріктірілген 2 компьютерлік сыныптағы 48 дербес компьютерлер интернет желісіне қосылған.

Кесте 6.2.1 Колледж ақпараттық ресурстар туралы мәлімет

№	Көрсеткіштер аты	2022-2023
1	2	3
1	Компьютер	50
2	Мультимедиялық проектор	5
3	Теледидар	2
4	Принтер	15
5	DVD проигрыватель	2
6	Интернет жылдамдығы	100

Интернет жылдамдығы 100 Мб/с, бұл №79 бұйрықтың талаптарына сәйкес келеді.

Колледж оқу процесінде және басқару қызметінде келесі компьютерлік бағдарламаларды пайдаланады:

- Microsoft Office word;
- Excel;
- Power Point;
- Winrar;
- Adobe Acrobat;
- Zoom конференция;
- Плагин Nclayer;
- Tool Box;
- Электрондық почта mail.ru.

Колледждің edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атау avi-med.edu.kz

7. Білім алушыларды білімін бағалау

Білім алушыларды қорытынды және қайталама қорытынды аттестаттау

Колледжде 2023-2024 оқу жылы қорытынды аттестаттаудың нәтижелері төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті:

Кесте 7.1 2023-2024 оқу жылындағы қорытынды аттестаттау нәтижелері (біліктілік емтихандар)

№	Мамандық, біліктілік, курс	Студенттер саны	«5-ке» бағаланған студент саны	«4-ке» бағаланған студент саны	«3-ке» бағаланған студент саны	«2-ке» бағаланған студент саны	Орташа балы	Оң бағаланғандардың %-ы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
2023-2024								
1	0101000- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	22	3	19	-	-	4,1	100%
2	0103000-Дене тәрбиесі және спорт	40		40	-	-	4,0	100%
	Барлығы	62	3	59	-	-	-	100%

Оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дипломдар беру кітаптары бойынша колледждің қорытынды аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша диплом берілді. Колледжде 2023-2024 оқу жылында жалпы 62 білім алуші бітіріп, оның ішінде мамандықтар бойынша: 01120100-Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы 22, 01140500-Дене тәрбиесі және спорт бойынша 40, мемлекеттік үлгідегі диплом берілді.

Кесте 7.2 Қорытынды аттестаттаудың жиынтық көрсеткіштер

Білім беру бағдарламаларының атауы		2023 – 2024 оқу жылы	
		% білім сапасы	% үлгерім
1	01120100-Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	100	100
2	01140500- Дене тәрбиесі және спорт	100	100
	Жалпы	100	100

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша қорытынды аттестаттау бойынша білім сапасы 100% дене тәрбиесі және спорт мамандығының қорытынды аттестаттаудың бойынша білім сапасы 90% болды. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 10% көтерілді.

Қорытынды: Колледжде қорытынды аттестаттау және қайта қорытынды аттестаттау МЖМБС 9-тармағына және № 125 Үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

Колледжде 2023-2024 оқу жылы бойынша білім алушылардың қорытынды аттестаттаудың нәтижелері алдындағы оқу жылдарымен саластырғанда тұрақты көрсеткіштерімен сипатталады.

Оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дипломдар беру кітаптары, сондай – ақ емтиханды оқу жоспарының 75 пайыздан кем емес барлық пәндерінен "өте жақсы" бағамен, ал қалған пәндерді – "жақсы" бағамен тапсырған, және дипломдық жобаны (жұмысты) "өте жақсы" деген бағамен қорғаған білім беру ұйымының қорытынды аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша үздік диплом беріледі. (Үздік диплом берілген жоқ.)

Комиссияның шешімі бойынша ағымдағы оқу жылында тиісті оқу пәні және (немесе) модуль бойынша емтихан тапсыруға мыналар:

- 1) қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз нәтиже алғандар;
- 2) дәлелді себеппен қорытынды аттестаттауға келмеген (денсаулық жағдайына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) білім алушылар қайта жіберіледі.

Қайта отырысты өткізу мерзімін комиссия айқындайды.

Қорытынды емтиханды қайта тапсыру "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған пән және модуль бойынша ғана жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша білім алушыға сол жұмысты тиісті пысықтаумен қайта қорғауға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуге мүмкіндік беріледі.

Оң бағаны көтеру мақсатында қорытынды емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушыға мамандығы (кәсібі) бойынша оқу курсын толық аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

Комиссияның шешімі бойынша ағымдағы оқу жылында тиісті оқу пәні және модуль бойынша емтихан тапсыруға мыналар:

- 1) қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз нәтиже алғандар;
- 2) дәлелді себеппен қорытынды аттестаттауға келмеген (денсаулық жағдайына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) білім алушылар қайта жіберіледі.

Қайта отырысты өткізу мерзімін комиссия айқындайды.

Қорытынды емтиханды қайта тапсыру "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған пән және (немесе) модуль бойынша ғана жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша білім алушыға сол жұмысты тиісті пысықтаумен қайта қорғауға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуге мүмкіндік беріледі.

Оң бағаны көтеру мақсатында қорытынды емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушыға мамандығы (кәсібі) бойынша оқу курсы толтырылған аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

Талдау нәтижелері: Колледжде қорытынды аттестаттау және қайта қорытынды аттестаттау МЖМБС 9-тармағына және № 125 Үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

9. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

1. Колледжде 2023-2024 оқу жылында біліктілік санатын арттырылған/расталған жоспарланған педагогтердің үлесін арттыруды қажет етеді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіне» сәйкес жалпы білім беру пәндері бойынша оқулықтармен толықтыруды қажет етеді.

10. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Комиссия, барлық бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымының негізгі бағыттары мен зерделеу объектілері бойынша колледж құжаттарына, оның ішінде білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне, қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне толығымен талдау жүргізіп, қорытынды шығарды:

«Авимед» көпсалалы колледжі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді, оның ішінде мамандықтары бойынша:

01120100-Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

01140500- Дене тәрбиесі және спорт

«Авимед» көпсалалы колледжі Өзін-өзі бағалау есебі қосымшаларымен және растайтын құжаттарымен Педагогикалық кеңесте талқыланып, колледж веб-сайтына орналастырсын .

Комиссия төрағасы

А.А.Керимбекова

Комиссия мүшелері

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бағалау парағы
«Авимед» көпсалалы колледжі

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны, %	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	15,6	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	88,9	4
4	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері үшін даярланатын мамандық біліктіліктері (жұмысшы біліктіліктерін қоспағанда) бойынша педагогтердің	85,7	4

	жалпы санынан		
7	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің және (немесе) магистрлердің үлесі (техникалық және кәсіптік білім беру үшін)	58,3 %.	3
9	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын мамандықтың (мамандық бойынша педагогтердің) даярланатын біліктіліктері бойынша педагогтер санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте көлемі соңғы 3 жылда төменінде 72 сағат тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтерімен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	21,8	3
10	Магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтермен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	25 %	3
11	Студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау, жекене шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығымен, немесе жатақханалардың, және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үйдің тұруын қамтамасыз ететін толық оқу кезеңіне жалға алу құқығымен тиесілі болуы	100	5
12	Білім беру ұйымдары түлектерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың бір жыл ішіндегі үлесі	91,4	4
13	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 07 наурыздағы № 97 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдарын	93	3

	жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру		
14	Білім алушылар контингентіне қатысты оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оның ішінде мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша толық оқу кезеңіне оқу тілдері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы	95	4
15	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	85	4
16	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100	5
18	Жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларының сауалнама нәтижелерін талдау	100	5
	Балдардың жалпы сомасы		55
	Білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейі		жақсы

Ескерту. Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының бес деңгейі белгіленген:

үлгілі – 65-тен 75 балға дейін, жақсы – 55-тен 64 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 40-тан 54 балға дейін, төмен – 40 балдан төмен – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;

Колледж директоры

А.А.Керимбекова